Символ «не для пищевой продукции» применяется в соответствие с техническим регламентом Таможенного союза «О безопасности упаковки» 005/2011 и указывает на то, что упаковка данного продукта не предназначена для повторного использования и подлежит утилизации. Упаковку данного продукта запрещается использовать для хранения пищевой продукции.

Символ «петля Мебиуса» указывает на возможность утилизации упаковки. Символ может быть дополнен обозначением материала упаковки в виде цифрового и/или буквенного обозначения.

ВОПРОСЫ ИЛИ КОММЕНТАРИИ?

СТРАНА	ТЕЛЕФОН	ВЕБ-САЙТ
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/support
MOLDOVA	+373-22-667-400	www.samsung.com/support

DC68-04169J-00

Қыздырғыш сорғысы бар кептіргіш

Пайдаланушы нұсқаулығы

DV9*T******/DV8*T******

SAMSUNG

Қазақша

Мазмұны

Қауіпсіздік шаралары 4

Қандай қауіпсіздік нұсқауларын білу керек 4
Маңызды қауіпсіздік белгілері 4
Қауіпсіздікке қатысты маңызды ескертулер 5
Кептіргіш машинадағы өрт қаупін барынша азайту үшін, келесілерді ескеру керек 7
Орнатуға қатысты қатаң ескертулер 8
Пайдалануға қатысты қатаң ескертулер 9
Пайдалану кезінде сақталатын сақтық шаралары 10
Тазалауға қатысты қатаң ескертулер 12
Мұздаудың алдын алу шарасы 12
WEEE белгісіне қатысты нұсқаулықтар 13

Орнату 14

Жинақтың құрамы 14
Орнатуға қойылатын талаптар 16
Орнату кезеңдері 17
Есікті ауыстыру 21
Қоршаған орта 25

Қолдану алдында 26

Бастапқы орнату 26
Кептіру нұсқаулары 27

Іске пайдалану 29

Басқару панелі 29
Циклді жүргізу 31
Циклге шолу жасау 32
Additional functions (Қосымша функциялар) 35
System functions (Жүйе функциялары) 37
Арнайы функциялар 39

Күтім көрсету 44

Су сауытын босату 44
Тазарту 45

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 2 2020/12/1 9:16:16

Ақаулықты түзету 49

Тексерілетін мәселелер 49
Ақпарат кодтары 51

Қосымша 53

Матаға күтім көрсету кестесі 53
Қоршаған ортаны қорғау 54
Техникалық сипаттама 55

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 3 2020/12/1 9:16:16

Қауіпсіздік шаралары

Жаңа Samsung кептіргішін сатып алғаныңызбен құттықтаймыз. Бұл нұсқаулықта құрылғыны орнату, іске қолдану, оған күтім көрсетуге қатысты маңызды ақпараттар қамтылған. Кептіргіштің көп мүмкіндіктері мен функцияларын толық қолдану үшін, осы нұсқаулықты уақыт бөліп оқып шығыңыз.

Қандай қауіпсіздік нұсқауларын білу керек

Осы нұсқаулықта көрсетілген ескертулер мен қауіпсіздік нұсқаулары, орын алуы мүмкін жағдайлардың барлығын қамтымаған. Кептіргішті орнату, оған күтім көрсету және іске қосу барысында сақтық шараларын сақтау және абай болып әрекет ету сіздің міндетіңіз.

Түсінбейтін мәселе немесе жағдай туындаса, үнемі өндірушіге хабарласыңыз.

Маңызды қауіпсіздік белгілері

Осы нұсқаулықтағы таңбалар мен белгілер нені білдіреді:

⚠ ЕСКЕРТУ

Адам қатты жарақат алатын, мерт болатын және/нем мүлікке зиян келтіретін қатерлі жағдайлар не қауіпті әрекеттер.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Адам жарақат алатын, және/не мүлікке зиян келтіретін қатерлі жағдайлар не қауіпті әрекеттер.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Өрт немесе жарылыс қаупін азайту үшін, келесі осы негізгі сақтық шараларын орындаңыз.

ЕСКЕРІМ

Адамға немесе мүлікке зақым келтіретін қауіптің бар екенін көрсетеді.

Нұсқауларды оқыңыз

Бұл ескерту белгілері өзіңіз және басқа адамдар жарақат алмас үшін берілген.

Оларды мұқият орындаңыз.

Осы нұсқаулықты оқығаннан кейін, кейін қарап жүру үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз.

Құрылғыны қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып шығыңыз.

Айналатын бөлшектері бар кез келген электр құрылғысы тәрізді, бұл да қатерлі жағдайлар туғызуы мүмкін. Осы құрылғыны қауіпсіз іске қосу үшін, оны іске қолдану және күтім көрсету жолдарымен танысыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Өрт қаупі бар

- Киім кептіршігті білікті техник орнатуы керек.
- Киім кептіргішті өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнату керек.
- Жарақат алу, мерт болу қаупін азайту үшін барлық орнату нұсқауларын орындаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 4 2020/12/1 9:16:17

Қауіпсіздікке қатысты маңызды ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Осы құрылғыны пайдаланған кезде өрт, электр немесе жарақат алу қатерін азайту үшін, негізгі сақтық шараларын, соның ішінде келесі шараларды орындаңыз:

1. Бұл құрылғыны кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем немесе құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) пайдаланбауға және олар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша ғана пайдалануға тиіс.
2. **Еуропада пайдалану үшін**: Бұл құрылғыны жасы 8-ден асқан балалар қолдана алады және кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем немесе құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) пайдаланбауға және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша ғана пайдалануға тиіс. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын ересек адамдардың қарауынсыз орындамауы керек.
3. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
4. Егер қорек сымына зақым келсе, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші немесе өндірушінің уәкілетті агенті немесе сол сияқты білікті адам ауыстыруға тиіс.
5. Құрылғымен бірге жеткізілген жаңа түтіктер жинағын қолдану керек, ескі түтіктер жинағын қайта қолдануға болмайды.
6. Желдеткіш саңылаулары табанында орналасқан құрылғылардың саңылауларын кілем немесе басқа заттар бөгеп тастамауы керек.
7. **Еуропада пайдалану үшін**: 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
8. **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**: Тоқты айырып-қосқыштардың параметрін дұрыс орнатпау нәтижесінде тоқ сөніп қалған жағдайда қауіпті жағдайларға жол бермеу үшін бұл құрылғыға таймер тәрізді сыртқы құралды орнатпау керек немесе құрал арқылы жиі қосылатын және сөндірілетін тізбекке қоспау керек.
9. Өндірістік химикаттармен тазаланған заттарды кептіргіш машинамен кептіруге болмайды.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 5 2020/12/1 9:16:17

Қауіпсіздік шаралары

10. Егер бар болса, қыл-қыбыр жинайтын сүзгіні жиі тазалау керек.

11. Кептіргіш машинаның айналасына қыл-қыбыр жиналып қалмау керек. (желдету жүйесі құрылғының сыртына шығарылған құрылғылар үшін пайдалануға арналмаған)

12. Басқа жанармай қолданып отырған, соның ішінде ашық оттардың газдары бөлмеге қайта кірмеу үшін тиісті желдету жүйесін орнату керек.

13. Жуылмаған заттарды кептіргіш машинада кептірмеңіз.

14. Тағам пісіретін май, ацетон, спирт, бензин, дақ кетіргіш, скипидар, балауыз және балауыз кетіргіштер жұққан киімдерді кептіргіш машинада кептірмес бұрын, ыстық суға салып, жуғыш затты артық мөлшерде қосып жуу керек.

15. Көбікті резеңке (латекс көбігі), себезгі қалпақ, су өткізбейтін мата, резеңке астарлы заттар мен киімдерді, көбікті резеңке толтырмасы бар жастықтарды кептіргіш машинада кептіруге болмайды.

16. Мата жұмсартқыштарды немесе соған ұқсас заттарды, мата жұмсартқыштың нұсқауларына сай пайдалану керек.

17. Кептіргіш машинаның соңғы циклында заттардың температурасын заттар үшін қауіпсіз деңгейге дейін жеткізу үшін қызу (салқындату циклы) бөлінбейді.

18. Темекі тұтатқыштар және сіріңкелер тәрізді заттардың барлығын қалтадан алу керек.

19. **ЕСКЕРТУ**: Кептіргіш машинаны ешқашан, егер заттарды тез алып, кептіру қызуын баспасаңыз, кептіру циклы аяқталғанша тоқтатпаңыз.

20. Газ немесе басқа жанармай жағатын құрылғылардың түтіндерін шығаруға арналған мұржаға, шығарынды ауаны жібермеу керек.

21. Құрылғыны бекітілетін, сырғымалы есігі бар немесе кептіргішті толық ашуға кедергі жасайтын, топсасы кептіргіш машинаның қарсы жағында орнатылған есігі бар жерге орнатпау керек.

22. **ЕСКЕРТУ**: Құрылғыға таймер тәрізді сырттан іске қосатын құралды орнатпау керек немесе құрал арқылы жиі қосылатын және сөндірілетін тізбекке қоспау керек.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 6 2020/12/1 9:16:17

Қыздырғыш сорғылы үлгіге ғана қатысты: Нұсқаулар сонымен қатар келесіні қамтуы керек:

ЕСКЕРТУ: Құрылғы корпусында немесе кіріктірілген жиһазда желдету саңылауларын ашық ұстаңыз.

ЕСКЕРТУ: Салқындатқыш тізбекке зақым келтірмеңіз.

Кептіргіш машинадағы өрт қаупін барынша азайту үшін, келесілерді ескеру керек

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

Өсімдік немесе аспаздық майы тамған немесе сіңген бұйымдар өрт қаупіне себеп болады, сондықтан оларды кептіргіш машинаға салмау керек. Май тиген бұйымдар әсіресе кептіру машинасы сияқты қызу көздерінің әсерінде кенеттен тұтануы мүмкін. Бұйымдар қызғанда, майда тотығу реакциясы орын алуы мүмкін. Тотығу қызуға себеп болады. Қызуы қайтпаса, бұйымдар жеткілікті деңгейде қызып, өртенуі мүмкін. Май тиген бұйымдарды қабаттап жинау, жинақтау немесе сақтап қою ыстықтың шығып кетуіне жол бермей, өрт қаупін келтіріп шығарады. Өсімдік немесе аспаздық майы тиген шашқа күтім жасау өнімдерімен ластанған бұйымдарды кептіргіш машинаға салуға мәжбүр болсаңыз, алдымен оларды қосымша жуу құралымен ыстық суды жуу керек, бұл қауіпті азайтады, бірақ толықтай алдын алмайды. Бұйымдардың температурасын азайту үшін, кептіргіш машинаның “салқындату” жүйесі пайдаланылуы керек. Оларды ыстық болғанда кептіргіш машинасынан шығаруға немесе қабаттап жинап қоюға болмайды.

Бензин, химиялық тазалау ерітінділері немесе басқа да тұтанғыш не жарылғыш заттар көмегімен тазаланған, жуылған, сіңдірілген немесе осындай ерітінділермен ластанған бұйымдар кептіргіш машинаға салынбауы керек. Тұрмыста кең қолданылатын оңай тұтанғыш заттарға ацетон, денатурат, бензин, керосин, дақ кетіргіштер (белгілі бір өндірушілердің), терпентин, балауыз және балауыз кетіргіштер кіреді.

Поролоны (латексті поролон деп те аталады) немесе құрылымы ұқсас резеңкесі бар бұйымдар. Мұндай материалдарды жоғары температуралы режимде кептіргіш машинада кептіруге болмайды. Поролонды материалдарды қыздыру кезінде, олар кенеттен өртенуі мүмкін.

Киім жұмсартқыштары немесе соған ұқсас өнімдер өндірушілері тарапынан арнайы ұсынылмаса, статикалық электр тоғының әсерін болдырмау мақсатында оларды кептіру машинасында пайдалануға болмайды.

Металл кірістірмелері бар ішкі киімдерді кептіргіш машинаға салмаңыз. Кептіру кезінде металл кірістірмелері босап кетсе, кептіру машинасына зақым келтіруі мүмкін. Бар болса, мұндай бұйымдар үшін кептіру ілгішін пайдалануға болады.

Душқа арналған телпектер немесе балалардың су өткізбейтін алжапқыштары сияқты пластикалық бұйымдарды кептіргіш машинаға салмаңыз.

Резеңкесі бар бұйымдар, поролон жастықшалары бар киімдер, жастықшалар, галоштар және резеңкелі кроссовкаларды кептіргіш машинаға салмаңыз.

Жуылмаған заттарды кептіргіш машинада (немесе кір жуу машинасының кептіру режимінде) кептірмеңіз.

Тағам пісіретін май, ацетон, спирт, бензин, дақ кетіргіш, скипидар, балауыз және балауыз кетіргіштер жұққан киімдерді кептіргіш машинада кептірмес бұрын, ыстық суға салып, жуғыш затты артық мөлшерде қосып жуу керек.

Көбікті резеңке (латекс көбігі), себезгі қалпақ, су өткізбейтін мата, резеңке астарлы заттар мен киімдерді, көбікті резеңке толтырмасы бар жастықтарды кептіргіш машинада кептіруге болмайды.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 7 2020/12/1 9:16:17

Қауіпсіздік шаралары

Мата жұмсартқыштарды немесе соған ұқсас заттарды, мата жұмсартқыштың нұсқауларына сай пайдалану керек.

Кептіргіш машинаның соңғы циклында заттардың температурасын заттар үшін қауіпсіз деңгейге дейін жеткізу үшін қызу (салқындату циклы) бөлінбейді.

Май тиген бұйымдар әсіресе кептіру машинасы сияқты қызу көздерінің әсерінде кенеттен тұтануы мүмкін. Бұйымдар қызғанда, майда тотығу реакциясы орын алуы мүмкін. Тотығу қызуға себеп болады. Қызуы қайтпаса, бұйымдар жеткілікті деңгейде қызып, өртенуі мүмкін. Май тиген бұйымдарды қабаттап жинау, жинақтау немесе сақтап қою ыстықтың шығып кетуіне жол бермей, өрт қаупін келтіріп шығарады.

Өсімдік немесе аспаздық майы тиген шашқа күтім жасау өнімдерімен ластанған бұйымдарды кептіргіш машинаға салуға мәжбүр болсаңыз, алдымен оларды қосымша жуу құралымен ыстық суды жуу керек, бұл қауіпті азайтады, бірақ толықтай алдын алмайды.

Кептіргіш машинаны ешқашан, егер заттарды тез алып, кептіру қызуын баспасаңыз, кептіру циклы аяқталғанша тоқтатпаңыз.

Темекі тұтатқыштар және сіріңкелер тәрізді заттардың барлығын қалтадан алу керек.

Өндірістік химикаттармен тазаланған заттарды кептіргіш машинамен (немесе кір жуу машинасының кептіру режимімен) кептіруге болмайды.

Орнатуға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл құрылғыны білікті техник немесе қызмет көрсету орталығы орнатуға тиіс.

- Бұл нұсқау орындалмаған жағдайда, электр, өрт, жарылыс қатері орын алуы, өнімге нұқсан келуі не адам жарақат алуы мүмкін.

Қорек сымын қабырғадағы розеткаға жалғаңыз және розетканы тек осы құрылғы үшін қолданыңыз. Сонымен қатар, ұзартқыш сымды қолдануға болмайды.

- Розеткаға ұзартқышты немесе көп-салалы қосқышты пайдаланып басқа құрылғыларды қоссаңыз, электр қатері не өрт шығуы мүмкін.
- Желі кернеуі, жиілік пен тоқ мәндерінің, құрылғының техникалық параметрлеріне сай келетінін тексеріңіз. Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін. Ашаны розеткаға мықтап сұғыңыз.

Құрылғының ашасы қосылатын ағытпалар мен контакттарын, шаң немесе су тәрізді басқа заттардан құрғақ шүберекті қолданып мезгіл-мезгіл тазалап отырыңыз.

- Ашаны розеткадан суырып, құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Орам материалдарының барлығын баланың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.

- Бала қалтаны басына киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

Бұл құрылғыны жерге дұрыс қосу керек.

Құрылғыны газ құбырына, пластик құбырға немесе телефон сымына тұйықтамаңыз.

- Электр қатері орын алуы, өрт, жарылыс шығуы немесе құрылғыға зақым келуі мүмкін
- Құрылғының ашасын жерге дұрыс қосылмаған розеткаға ешқашан жалғамаңыз, оны жергілікті және мемлекеттік стандарттарға сай жерге қосыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 8 2020/12/1 9:16:17

Құрылғыны сыртқы элементтерге орнатпаңыз немесе тигізіп орнатпаңыз.

Бүлінген ашаны, бүлінген қорек сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Егер аша (қорек сымының) бүлініп қалса, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші не өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті техник ауыстыруға тиіс.

Бұл құрылғыны қуат ашасына қол жететін етіп орнату керек.

Қорек сымын қатты тартпаңыз немесе майыстырмаңыз.

Қорек сымын бұрамаңыз немесе байламаңыз.

Қуат сымын темір заттарға ілмеңіз, үстіне ауыр заттар қоймаңыз, қуат сымын заттардың арасына кіргізбеңіз немесе қуат сымын құрылғының артындағы жерге тықпаңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Ашаны розеткадан қорек сымынан тартып суырмаңыз.

- Ашаны розеткадан, ашаның өзінен ұстап суырыңыз.
- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Бұл құрылғыны жерге дұрыс қосу керек. Ашаны жерге дұрыс қосылмаған розеткаға ешқашан жалғамаңыз, оны жергілікті және мемлекеттік стандарттарға сай жерге қосыңыз. Бұл құрылғыны жерге қосу үшін орнату нұсқауларын қараңыз.

Бұл құрылғыны қатты, тегіс едені бар жерге орнатыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, құрылғы дірілдеуі, шуыл шығуы немесе басқа да құрылғыға қатысты ақаулар пайда болуы мүмкін.

Шаш спрейінің құрамындағы зат қызу алмастырғыш гидрофилінің сапасын төмендетіп, салқындату циклі кезінде құрылғының сыртында конденсат пайда болмау үшін, құрылғыны сұлулық салондарына орнатпаңыз.

Бұл құрылғыны розеткаға, су құятын шүмектер мен су төгетін құбырларға жақын жерге орнату керек.

Пайдалануға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Балаларға не үй жануарларына құрылғының ішіне кіруге не үстіне шығуға рұқсат бермеңіз. Сонымен қатар, құрылғыны тастаған кезде есіктің құлпын бекітпесін (тетігін) ағытыңыз.

- Бұл балалар құлап немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Балалар құрылғының ішіне қамалып қалса, тұншығып қалуы мүмкін.

Барабан айналып тұрғанда, құрылғының ішіне кіруге тырыспаңыз.

Құрылғының үстіне отырмаңыз немесе есігіне сүйенбеңіз.

- Себебі құрылғы аударылып кетіп, жарақат алуыңыз мүмкін.

Құрылғыны тиісті кір жуғыш машинамен сыққаннан кейін ғана кептіріңіз.

Жуылмаған заттарды кептіргіш машинада кептірмеңіз.

Конденсат суды ішпеңіз.

Кептіргіш машинаны ешқашан, егер заттарды тез алып, кептіру қызуын баспасаңыз, кептіру циклы аяқталғанша тоқтатпаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 9 2020/12/1 9:16:17

Қауіпсіздік шаралары

Құрылғыны бензин, керосин, бензол, сұйылтқыш, спирт, т.б. тәрізді тұтанғыш зат жұққан кірді кептіру үшін пайдаланбаңыз.

- Себебі электр қатері орын алуы, өрт не жарылыс шығуы мүмкін.

Жануарларға кептіргішті кеміруге не онымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

- Электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.

Құрылғыны тастаған кезде есігі мен қуат сымын құрылғыны тастамай тұрып ағытып алыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда қуат сымына ақау келуі немесе адам жарақат алуы мүмкін.

Қуат ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз.

- Электр қатеріне ұшырауыңыз мүмкін.

Газ (орталықтандырылған газ, пропан газы, СГ) жылыстап шыққанда, бұл құрылғыға немесе қуат сымына қол тигізбеңіз, дереу желдетіңіз.

- Осы кезде желдеткішті пайдаланбаңыз.
- Жарқыл шығып, жарылыс не өртке ұласуы мүмкін.

Құрылғының кез келген бөлшегін, пайдаланушы жөндеуге арналған нұсқаулықта арнайы көрсетілмесе, жөндеуге, ауыстыруға немесе қызмет көрсетуге тырыспаңыз. Сонымен қатар, бұл құрылғыға қызмет көрсетуге жарайтын дағдыларыңыз болуы керек.

Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекеттенбеңіз.

- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір сым т.б.) қолданбаңыз.
- Құрылғыны жөндеу немесе қайта орнату қажет болса, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Бұлай істемегенде, электр қатері орын алуы, өрт шығуы, өнімге нұқсан келуі немесе адам жарақат алуы мүмкін.

Сатып алған құрылғыңыз тұрмыста қолдануға ғана арналған.

Егер коммерциялық мақсатта қолданылса, өнім көрсетілген мақсатта қолданылмаған болып есептеледі. Бұндай жағдайда, өнім Samsung тарапынан берілетін стандартты кепілдік бойынша қарастырылмайды және дұрыс қолданбау салдарынан орын алған ақау немесе нұқсанға Samsung компаниясы жауапкершілік көтермейді.

Құрылғыдан тосын шуыл, иіс, тұтанған иіс не түтін шықса, қуат сымын дереу кесіп, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Себебі электр немесе өрт қатері пайда болуы мүмкін.

Балаларға (не үй жануарларына) құрылғының ішінде немесе үстіне шығып ойнауға рұқсат бермеңіз. Құрылғының есігі ішкі жағынан оңай ашылмайды және балалар қамалып қалса, қатты жарақат алуы мүмкін.

Пайдалану кезінде сақталатын сақтық шаралары

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе оның үстіне зат (мысалы, кір, жанып тұрған шамшырақ, тұтатылған темекі, ыдыс-аяқ, химиялық заттар, металл заттар т.б.) қоймаңыз.

- Бұның нәтижесінде электр, өрт қатері орын алып, құрылғыға нұқсан келуі не адам жарақаттануы мүмкін.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 10 2020/12/1 9:16:17

Кептіріп жатқанда немесе кептіріп бола сала, шыны есікке не барабанның ішіне қолыңызды тигізбеңіз, себебі ыстық.

- Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Кептіру барысында есіктің әйнегі ыстық болады. Сондықтан ыстық әйнекке қол тигізбеңіз.

Сонымен қатар балаларға кептіргіштің қасында ойнауға немесе есік әйнегін ұстауға рұқсат бермеңіз.

- Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Түймелерді түйреуіш, пышақ, тырнақ т.с.с.өткір затпен баспаңыз.

- Электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.

Резеңке (латекс) не осы сияқты резеңкеден жасалған кірді кептірмеңіз.

- Егер резеңке қызып кетсе, өрт шығуы мүмкін.

Көкөніс майы не тағам пісіретін май сіңген кірді кептірмеңіз, себебі кірді жуған кезде көп мөлшерде сіңген май арылмайды. Сонымен қатар кір қызып кетпеуі үшін қыздырмай кептіру циклін пайдаланыңыз.

- Майдың оксидтену қызуы өрттің басталуына себеп болуы мүмкін.

Теріге күтім жасау бөлмесі, массаж бөлмесі, сұлулық салоны немесе аурухана сияқты орындарда пайдаланылатын май, крем, лосьон немесе басқа да химикаттар сияқты бөгде заттармен ластaлған кір киімдерді кептірмеңіз.

- Бұл электр тоғының соғуына, өртке, ақаулыққа және жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Кептірілетін киімдердің барлығының қалталарының бос екеніне көз жеткізіңіз.

- Тиын, түйреуіш, тырнақ, бұранда немесе тас тәрізді қатты, өткір заттар құрылғыға аса қатты зиян келтіруі мүмкін.

Үлкен қапсырмасы, түймелері бар немесе ауыр темір зат (тартпа, ілгектер және түйме өткізгіштер, түйменің қақпақтары) тағылған киімдерді жумаңыз.

Қажет болса, мама белбеу, алжапқыш баулары және төс тартқыштың сымы тәрізді цикл кезінде сынып немесе сіңіп кетуі мүмкін кішкене заттарды кір жуатын торға салыңыз.

Кептіргіш парақтарға осы үлгіде қолжетімді және бұлар жақсы кептіру нәтижелеріне қол жеткізу үшін ұсынылады.

Кептіргіш парақтар кептіру циклы кезінде пайда болатын статикалық тоқты азайту үшін де пайдалы. Статикалық тоқ кірге және уақыт өте келе құрылғыға ақау келтіруі мүмкін.

Кептіргішті көмірдің шаңы, бидай ұны, т.б. тәрізді қауіпті ұнтақтардың қасында пайдаланбаңыз.

- Электр қатері орын алуы, өрт не жарылыс шығуы мүмкін.

Құрылғының қасына тұтанғыш заттарды қоймаңыз.

- Себебі өнімнен уытты заттар бөлініп, құрылғы бөлшектерін зақымдап, жарылыс немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны бекітілетін есіктің артына қоймау керек.

Кептіріп жатқанда немесе кептіріп бола сала құрылғының артқы жағына қолыңызды тигізбеңіз.

- Құрылғы ыстық болуы және күйіп қалуыңыз мүмкін.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 11 2020/12/1 9:16:17

Қауіпсіздік шаралары

Тазалауға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Құрылғының бетіне суды тура бүркіп тазаламаңыз.

Құрылғыны бензол, сұйылтқыш немесе спирт тәрізді заттармен тазаламаңыз.

- Себебі, құрылғының түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп, электр қатері орын алып немесе өрт шығуы мүмкін.

Тазалау немесе жөндеу жұмыстарын орындар алдында, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Сүзгінің корпусын кептіргішті пайдалану алдында және пайдаланып болғаннан кейін тазалаңыз.

Құрылғының ішін уәкілетті техникке мезгіл-мезгіл тазалатып отырыңыз.

Қызу алмастырғышты жұмсақ шөткемен не шаңсорғышпен айына бір рет тазалаңыз.Қызу алмастырғышты қолыңызбен ұстамаңыз. Бұлай істемегенде, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Кептіргіштің ішкі жағын білікті маман уақытылы тазалауы керек.

Мұздаудың алдын алу шарасы

- Кептіргішті температура Цельсий бойынша нөлден төмендемейтін орынға орнатыңыз.
- Ұзын ағызу шлангісін пайдалану арқылы ағызылатын болса, шлангінің ішінде қалған су қыста қатып қалуы мүмкін. Пайдаланғаннан кейін шлангінің ішінде су қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Ағызу шлангісі қатып қалса, шлангідегі суды еріту үшін, оны жылы суға малынған сүлгімен шамамен он минут орап қойыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 12 2020/12/1 9:16:17

WEEE белгісіне қатысты нұсқаулықтар



Осы құрылғыны қоқысқа дұрыс тастау (Ескі электр және электроника құрылғылары)

(Жеке қоқыс жинау жүйесі бар елдерге қатысты)

Өнімге, оның керек-жарақтарына немесе құжаттарына салынған бұл белгі, құрылғыны және оның электроникалық керек-жарақтарын (мысалы, зарядтағышы, құлақаспабы, USB сымы) қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды дегенді көрсетеді. Қоқысты дұрыс тастамаған кезде қоршаған ортаға және адамның денсаулығына келуі ықтимал зиянның алдын алу үшін, бұндай қоқыстарды басқа қоқыстардан бөліп, материал ресурстарын түбегейлі түрде қайта қолдану үшін қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз.

Жеке пайдаланушылар осы өнімді сатып алған бөлшек сауда орталығына немесе жергілікті әкімшілік мекемеге хабарласып, бұл заттарды қоршаған ортаға зиянсыз түрде қайта өңдеуден өткізу үшін қайда, қалай апарып тапсыруға болатыны туралы ақпарат алуы керек.

Заңды тұлғалар өз жабдықтаушыларына хабарласып, сатып алу келісім-шартының шарттары мен талаптарын қарауға тиіс. Аталмыш өнімнің және оның керек-жарақтарын басқа қоқысқа тасталатын коммерциялық қалдықтарға араластырмау керек.

Samsung компаниясының экологиялық міндеттері және өнімнің арнайы нормативтік міндеттері туралы ақпарат алу үшін, мысалы: REACH, WEEE немесе батареялар, біздің www.samsung.com веб-сайтындағы қолжетімді тұрақты бетті қараңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 13 2020/12/1 9:16:17

Орнату

Жинақтың құрамы

Кептіргішті орамынан абайлап шығарыңыз. Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз. Төменде көрсетілген бөліктер немесе олардың орналасқан орындары сіздің құрылғыңызбен салыстырғанда басқаша болуы мүмкін. Орнату алдында кептіргіштің осында берілген барлық бөлшектері бар екеніне көз жеткізіңіз. Кептіргішке және/немесе бөлшектеріне зақым келсе немесе жетіспей тұрса, жақын жердегі Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кептіргішке шолу жасау



01 Үстіңгі қақпақ

02 Су сауыты

03 Есік

04 Қызу алмастырғыш

05 Басқару панелі

06 Қыл-қыбыр сүзгісі

07 Деңгейлегіш тірек

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 14 2020/12/1 9:16:17

Керек-жарақтар (бірге жеткізіледі)



Түтік бағыттағышы



Кабель қапсырмасы



Түтікшені қосқыш



Ұзын су төгетін түтікше (2 м)



Пайдаланушы нұсқаулығы



Кептіру торы (қол жетімді үлгілерге ғана қатысты)



Тазалағыш шөтке

Керек-жарақтар (бірге жеткізілмейді)



Қабаттап жинау қапсырмасы
(Бөлік # SK-DH, SK-DA, SKK-DF)

ЕСКЕРІМ

- Орнату жинағы кептіргішті кір жуғыш машинаның үстіне орнатуға мүмкіндік береді. Орнату жинағын Samsung кір жуғыш машиналары мен кептіргіштері үшін ғана қолдануға болатынын ескеріңіз. Жоғарыдағы қабаттап жинау қапсырмасын сатып алу үшін, Samsung қызмет көрсету орталығына немесе жергілікті сатушыға хабарласыңыз. Қабаттап жинау қапсырмасы үлгі түріне қарай әр түрлі болады.
- Кептіргішті орнатуға қатысты нұсқауларды орнату жинағының нұсқауларынан қараңыз.
- Кептіргішті кір жуу машинасына бекіту үшін қабаттап жинау қапсырмасының қай үлгісін пайдалану туралы ақпарат алу үшін, Samsung кір жуу машинасының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 15 2020/12/1 9:16:18

Орнату

Орнатуға қойылатын талаптар

ЕСКЕРІМ

Кептіргішті білікті орнатушы орнату керек. Теріс немесе ақаулы орнату жұмыстарына байланысты сервис қажет болса, бұған пайдаланушы өзі жауапты және кепілдік заңды күшінен айырылуы мүмкін. Нұсқауларды кейін қарап жүру үшін сақтап қойыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Кептіргішті орнату жұмыстары аяқталмай тұрып ашаны розеткаға қосуға болмайды.
- Кептіргішті міндетті түрде екі не бұдан көп адам орнынан жылжытуы керек.
- Балаларға немесе үй жануарларына кептіргіштің ішінде, үстіне шығып не айналасында ойнауға рұқсат бермеңіз. Әрқашан тиісті түрде қадағалау керек.
- Барлық орам материалдарын балалардан алыс ұстаңыз.
- Зақым келген қуат сымын немесе қуат ашасын өзіңіз ауыстырмаңыз. Зақым келген қуат сымын немесе қуат ашасын Samsung технигіне немесе білікті техникке ауыстыртып алыңыз.
- Кептіргішті өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекеттенбеңіз. Кез келген жөндеу жұмыстарын орындау үшін Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Балалар тұншығып қалмау үшін тасталған құрылғылардың барлығының есіктерін/қақпақтарын ағытып алыңыз.
- Егер құрылғыдан тосын шуыл, көңірсіген немесе түтін иісі шықса, ашаны дереу розеткадан суырыңыз да, жақын Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған кептіргішті тоқтан ағытпаңыз.
- Кептіргіштің қасына тұтанғыш заттарды қоймаңыз.

Электр желісіне және жерге тұйықтауға қойылатын шаралар

- Кептіргішті жерге дұрыс тұйықтау керек. Егер кептіргіш сынып немесе жұмыс істемей қалса, жер қосылымы, электр тоғының ағымына ең аз қарсылық көрсететін жолды ұсыну арқылы электр қатерінен сақтандырады. Кептіргіш 3-істікшелі жерге тұйықтау ашасы бар қуат сымымен бірге жеткізіледі. Ашаны барлық жергілікті ережелерге және заңнамаларға сәйкес орнатылған және жерге тұйықталған тиісті қуат көзіне қосу керек.
- Электрге немесе жерге тұйықтау талаптарына қатысты сұрақтарыңыз болса, Samsung орталығына немесе білікшті электршіге хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Қуат сымын тоғы жерге тұйықталған 3 істікті розеткаға жалғаңыз.
- Нұқсан келген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз.
- Адаптерді немесе ұзартқыш сымды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жерге тұйықтайтын өткізгіш дұрыс жалғанбағанда электр қатері орын алады. Кептіргіштің жерге дұрыс тұйықталғанына сенімсіз болсаңыз, білікті электр маманына хабарласыңыз.
- Қуат ашасын, сымын немесе қуат көзін өзгертпеңіз.
- Жерге тұйықтайтын сымды ешқашан пластик құбыр жүйесіне, газ жүйелеріне не ыстық су құбырына жалғамаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 16 2020/12/1 9:16:19

Ас үй жабдығына не шкафқа орнату

Кептіргішті ұяға немесе шкафқа орнату үшін кемінде келесі қашықтықты сақтау керек:

Бүйір жақтары	Үстіңгі жағы	Алдыңғы жағы	Артқы жағы
25 мм	25 мм	490 мм	50 мм

Кептіргішті кір жуғыш машинамен бірге орнатсаңыз, ұяның немесе шкафтың алдыңғы жағында кемінде 550 мм бос орын болуы қажет.

Орнату кезеңдері

Кептіргішті орнату алдында **16**-беттегі **Орнатуға қойылатын талаптар** тармағын міндетті түрде оқыңыз.

ҚАДАМ 1 Орын таңдау

Орынға қойылатын талаптар

Дірілге төтеп бере алатын, орнықты және жақсы салынған орнату бетін таңдаңыз. Жерге тұйықталған 3-істікшелі аша сұғуға болатын қуат көзін таңдаңыз.

Ыңғайлы болу үшін кептіргішті кір жуғыш машинаның қасына орнатыңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ**

- Кептіргішті тек үйдің ішіне ғана орнатыңыз.
- Кептіргішті ауа-райы әсер ететін жерге орнатпаңыз.
- Кептіргішті температурасы 5 °C градустан түстені немесе 35 °C градустан жоғары жерге орнатпаңыз.
- Кептіргішті газ жылыстап шығуы мүмкін жерге орнатпаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 17 2020/12/1 9:16:19

ҚАДАМ 2 Өзгермелі тіректерін реттеу



1. Кептіргішті қажетті орынға абайлап қойыңыз.
2. Кептіргіштің деңгейін **деңгей (A)** құралымен бір жағынан екінші жағына, алдынан артына қарай деңгейлеп тексеріңіз.
3. Кептіргіш тегіс орнатылмаса, биіктігін реттеу үшін, **теңгеру аяқтарын (B)** солға немесе оңға айналдырыңыз.
4. Кептіргіштің деңгейі ретке келгеннен кейін кептіргіш еденде орнықты тұрады.
5. Кептіргішті тоқ көзіне қосыңыз.



ЕСКЕРІМ

- Кептіргішті кір жуу машинасымен бірдей биіктікке орнату үшін, теңгеру аяқтарын толықтай **қысқармайынша (C)** оңға бұраңыз. Содан кейін кептіргіш пен кір жуу машинасы бірдей биіктікке келмейінше, теңгеру аяқтарын солға қарай бұрап **ұзартыңыз (D)**.
- Деңгейлегіш тіректі қажет деңгейге дейін ғана ұзартыңыз. Реттелмелі тіректі қажет деңгейден артық ұзартса, кептіргіш дірілдеуі мүмкін.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 18 2020/12/1 9:16:19

ҚАДАМ 3 Төгу шлангісін жалғау



- Төгу шлангісін дренаж жүйесіне жалғауды ұсынамыз.
- Кептіргішке жалғанған төгу шлангісі тым қысқа болып, дренаж жүйесіне жетпейтін болса, берілген қосалқы шлангіні (ұзын төгу шлангісін) пайдаланыңыз.
- Төгу шлангісін дренаж жүйесіне жалғау мүмкін болмаған жағдайда ғана, кіріктірілген су бағын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРІМ

Әдепкі бойынша бұл кептіргіш конденсацияланған суды ағызу үшін кіріктірілген су бағын пайдалануға орнатылған болады.



1. Су төгу шлангісін **(A) саңылауынан** алып, **(B) бөлігіне** енгізіңіз.



2. Қосымша түтіктің бір ұшын (ұзын, су төгетін түтікше) **(A) саңылауына** салыңыз.
3. Қосымша түтіктің екінші ұшын (шығыс) су төгетін құбырға мына тәсілдердің бірімен орнатыңыз:

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 19 2020/12/1 9:16:19

Раковинаның үстіне:



1. Қосымша түтікті кептіргіштің астыңғы жағынан **90 см (*)** төмен орнатыңыз.
2. Қосымша түтіктің кейбір жерлерін ию үшін жинақпен берілген пластик **түтікше бағыттағышты (B)** пайдаланып, бағыттағышты қабырғаға ілмекпен немесе кранға жіппен бекітіңіз. **Су төгетін түтікті (A)** және **түтік бағыттағышты (B)** орнатып, оларды **кабель қапсырмасымен (C)** бекітіңіз.
3. Конденсат суды керек-жарақ ретінде берілген түтікті (су төгетін ұзын түтік) су төгетін тесікке тура жалғап, төгуге болады.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

Су төгетін түтікті ұзартпаңыз. Қосылған жерінен су ағуы мүмкін. Су төгетін ұзын түтікшені пайдаланыңыз.

Раковинаның су төгетін түтікшесін пайдалану үшін:



1. **Түтікше қосқышты (A)** орнатып, оны суретте көрсетілгендей қосымша түтікшеге жалғаңыз.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

Су ағып кетпес үшін түтікшені және қосқышты мықтап жалғаңыз.



2. Түтікше адаптерін раковинаның су төгетін түтікшесіне тура жалғаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 20 2020/12/1 9:16:20

ҚАДАМ 4 Орнатылуын тексеру

- Орам материалдарының барлығын толық алып, тиісті түрде қоқысқа тастау керек.
- Кептіргіш деңгейленген және еденге дұрыс орнатылған болуы керек.
- Барабан ішінде ешбір керек-жарақтын жоғына көз жеткізіңіз.
- Кептіргіштің алдыңғы жағындағы салқындатқыш тордағы ауа кіретін тесікті бітемеңіз.
- Тұтанғыш заттарды кептіргіштің қасына қоймаңыз және айналасын таза ұстаңыз.
- Кептіргіштің деңгейлегіш тіректерін алмаңыз. Бұлар кептіргішті жерге деңгейлеу үшін қажет.
- Кептіргішті орнатқаннан кейін пайдалану алдында кемінде 1 сағат күтуді ұсынамыз.

ҚАДАМ 5 Электр желісіне қосу

Қуат сымы ашасын сақтандырғыш немесе айырып-қосқышпен қорғалған розеткаға жалғаңыз. Содан кейін кептіргішті іске қосу үшін, ⏻ түртіңіз.

ЕСКЕРІМ

Кептіргіштің жұмыс істейтінін, қыздыратынын және сөнетінін тексеру үшін, Time Dry (Кептіру уақыты) циклін шамамен 20 минутқа жүргізіңіз. **HC** ақпарат коды көрсетілетін болса, жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Есікті ауыстыру

Орнатылатын жердегі жағдайға немесе өз қажеттіліктеріңізге байланысты есіктің орнын ауыстырғыңыз келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Есіктің орнын міндетті түрде білікті техник ауыстыруы керек.



1. Есікті ашыңыз, есіктің топсасындағы екі бұранданы алыңыз. Есікті екі қолыңызбен ұстап тұрып, сәл жоғары көтеріп алыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 21 2020/12/1 9:16:20



2. Есіктің тығыздауышын алу үшін жұқа зат пайдаланыңыз.



3. Әйнек ұстағыштағы жоғарғы 3 бұранданы және төменгі 3 бұранданы шешіп алыңыз.



4. Әйнек ұстағышты алып, одан кейін есік қаптамасын 180 градусқа айналдырыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 22 2020/12/1 9:16:21



5. Әйнек ұстағышты есік қаптамасының жаңа орнына салыңыз. Есіктің топсасы суреттегідей бірдей орында екеніне көз жеткізіңіз.



6. Әйнек ұстағыштағы жоғарғы 3 бұранданы және төменгі 3 бұранданы бұраңыз.

ЕСКЕРІМ

Бұранда пішімдері өлшеміне қарай өзгереді. Дұрыс бұранданы бұрағаныңызға көз жеткізіңіз.



7. Есіктің тығыздауышын дұрыс орынға салыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 23 2020/12/1 9:16:21



8. Есіктің топсасын алғаннан кейін қалған 2 бұранданы алып тастаңыз.



9. Есік құлпындағы 4 бұранданы шешіп алыңыз. Есік құлпын шешіп алып, оны қарама-қарсы жаққа қайта салыңыз.



10. Қарама-қарсы топса жақтауынан 8-қадамда шешіп алынған 2 бұранданы қатайтыңыз. Оларды жақтаудың оң жағына (жоғарғы оң жақ және төменгі оң жақ) бұрау керек екенін ескеріңіз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 24 2020/12/1 9:16:22



11. Есік топсасының астыңғы жағындағы бұранданы алып, есік топсасының жоғарғы жағына бекітіңіз.



12. Есіктің топсасын қарама-қарсы жаққа қойыңыз, одан кейін есікті кептіргішке бекіту үшін 2 бұранданы бұраңыз.

ЕСКЕРІМ

Есікті бастапқы орнына қайтару үшін қадамдарды қайталаңыз. Есік, топсалар және басқа бөліктер осы қадамда тізімделген қарама-қарсы бағытта болуы керек екенін ескеріңіз.

Қоршаған орта

Бұл өнімнің қорап материалдарын “экологиялық таза” әдіспен утилизациялаңыз. Қосымша мәліметтерді жергілікті аймақ әкімшілігінен сұраңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 25 2020/12/1 9:16:22

Қолдану алдында

Бастапқы орнату

- Кептіргішіңізді алғаш рет іске қосқан кезде, экранда бастапқы орнату процесі көрсетіледі. Процесті аяқтау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Бастапқы орнату процесін аяқтап, циклді бір минуттан артық жүргізсеңіз, бастапқы орнату қайта көрсетілмейді.
- Бастапқы орнату тіл таңдауын және қысқаша нұсқаулықты қамтиды.
- Түймені түрту кезінде, белгішенің дәл үстінен түртіңіз.
- Кір жуу машинасы мен кептіргішті бір уақытта пайдалану олардың орнатылған орнына және электр қуатының күйіне байланысты қуат көзінің өшірілуіне себеп болуы мүмкін.

01 Language (Тіл) таңдауы	**02** Бастапқы экран
⦿ Қазақ ○ O'zbekcha Цифербл бұр, O түймес түрт	Қош келдіңіз!
03 Нұсқаулық	
Жаңа кептіргішіңізді қарап шығайық! [Өткізуге O түймені түрт]	Циклдерді көру үшін циферблатты бұраңыз [Өткізуге O түймені түрт]
Енді циклді бастау үшін ұстап тұрыңыз [Өткізуге O түймені түрт]	Қосымша функцияларды көру үшін түртіңіз [Өткізуге O түймені түрт]
Менің Циклдерімде таңдаулыларды сақтауға тырысыңыз	Сіздің ЖИ кептіргішіңіз! Дайын!

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 26 2020/12/1 9:16:23

Кептіру нұсқаулары

ҚАДАМ 1 Сұрыптау

- Ауыр және жеңіл заттарды араластырмаңыз.
- Күңгірт түсті бұйымдарды ашық түсті бұйымдардан бөлек жуыңыз және кептіріңіз.
- Кірдің жапсырмасында ұсынылмаса, жүн немесе шыны талшықтан жасалған заттарды кептірмеңіз.
- Май, спирт, бензин, т.с.с. заттар жұққан кірлерді кептірмеңіз.
- Жуылмаған заттарды кептірмеуге тырысыңыз
- Жуылғаннан кейін суы толық сырқылмаған ылғал бұйымдарды кептірмеңіз. Бұл кептіргіштің ішінде иіс шығуына немесе кептіргіштің ақаулығына себеп болуы мүмкін.
- Балалардың шұлықтары және басқа да шағын, жеңіл бұйымдар үшін кір киімдер торын пайдалануды ұсынамыз.

ҚАДАМ 2 Қалталарды босатып, ішін сыртқа шығарып салыңыз

- Күңгірт түсті киімдерді кептіруден бұрын астарын шығарып салыңыз. Бұл кептіру процесі кезінде матаның үйкелуден зақымдалуын болдырмайды және кептіргіштің ішкі бөлшектерін түссізденуден және зақымдалудан қорғайды.
- Түймелері немесе кестелері бар бұйымдарды кептіруден бұрын астарын шығарып салыңыз.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

- Қалталарды босатыңыз. Киімдегі тиын, түйреуіш және қапсырма тәрізді темір заттар басқа киімдерге, сонымен қатар барабанға зақым келтіруі мүмкін.
- Кептіруден бұрын бұйымдардағы металл заттарды алып тастаңыз, сыдырманы жабыңыз және ілгектерін іліңіз. Бұйымдардағы металл бөлшектер басқа бұйымдарға және барабанға зақым келтіруі мүмкін.

ҚАДАМ 3 Қыл-қыбыр сүзгісін тексеріңіз

Бұйымдарды кептіргіш машинаға салмас бұрын, қыл-қыбыр сүзгісінің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз. Кептіргіш қыл-қыбыр сүзгісінсіз жұмыс істемейді.

- Кептіруден бұрын қыл-қыбыр сүзгісін әрқашан тазалаңыз. Сүзгі тазалау туралы қосымша ақпаратты **45**-беттегі “**Қыл-қыбыр сүзгісі**” бөлімінен қараңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 27 2020/12/1 9:16:23

ҚАДАМ 4 Жүктеу көлемін анықтаңыз

Кептіргіш машинаны артық жүктемеңіз. Артық жүктеу кептіру әрекетін нашарлатады, нәтижесінде кір біркелкі кеппейді және қыжымданып қалады.

- Кептіргішке бір уақытта бір жуылған партияны салыңыз.
- Бір немесе екі затты кептір үшін кептіру тиімділігін жақсарту үшін қосымша құрғақ сүлгі салыңыз.
- Тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін, кірлерді кептіргішке салу алдында бір-бірінен ажыратыңыз. Шатысқан бұйымдар кептіру тиімділігін нашарлатуы немесе есіктің ашылуына себеп болуы мүмкін.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

Қыл-қыбыр сүзгісі орнатылған кептіргішке ғана бұйымдарды салыңыз немесе одан алыңыз. Сүзгі орнында болмаса, шағын бұйымдар сүзгі ұяшығына түсіп, кептіргіш ақаулығына себеп болуы мүмкін.

ҚАДАМ 5 Кептіруді аяқтағаннан кейін

- Су ағуын болдырмау үшін, су бағын босатыңыз. Су бағын босату туралы қосымша ақпаратты **44**-беттегі “**Су бағын босату**” бөлімінен қараңыз.
- Дисплейді “**Clean heat exchanger**” (Жылу алмастырғышты тазалаңыз) хабары көрсетілсе, **47**-беттегі “**Жылу алмастырғыш**” бөлімін қарап, жылу алмастырғышты тазалаңыз.
- Кептіргіш машинасының ішін гигиеналық тұрғыдан таза сақтау үшін, кептіруді аяқтағаннан кейін кептіргіш есігі мен жылу алмастырғыш қақпағын ашып қойыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 28 2020/12/1 9:16:23

Іске пайдалану

Басқару панелі



01 Қуат ⏻	Кептіргіш машинаны қосу/өшіру үшін түртіңіз. • Кептіргіш машина іске қосылғаннан кейін басқару панелін 10 минут ішінде пайдаланбасаңыз, кептіргіш машина автоматты түрде өшіріледі. • Кептіру аяқталғанда, кептіргіш машина автоматты түрде өшіріледі. ⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ** Кептіру барысында кептіргіш машинаны өшіру үшін, ⏻ түртпеңіз. Алдымен циклді кідірту үшін, ▷II түймесін басып тұрыңыз, содан кейін кептіргіш машинаны өшіру үшін, ⏻ түймесін түртіңіз.
02 Навигациялық диск	Циклдер және функциялар арасында ауыстыру үшін, **Навигациялық дискіні** солға немесе оңға бұрыңыз. **Навигациялық дискіні** бұру кезінде, дисплейде таңдауыңыз (цикл, қосымша функциялар және Жүйе функциялары сияқты) көрсетіледі.
03 Бастау/Үзіліс ▷II	Жұмысты бастау немесе кідіру үшін басып тұрыңыз.
04 Дисплей	Дисплейде ағымдағы цикл, болжамды қалған уақыт, цикл опциялары және басқа да пайдалы немесе ескерту хабарлары көрсетіледі.
05 OK ○	Функция немесе параметр таңдауын растау үшін түртіңіз.
06 Кептіру деңгейі ◿	Таңдалған цикл үшін кептіру деңгейін өзгерту үшін түртіңіз. **1**-**4** деңгейлері арасынан таңдай аласыз, бірақ қолжетімді деңгей таңдалған циклге байланысты болады. • **4**: Үлкен және қалың бұйымдар үшін үйлесімді. • **3**: Стандартты кептіру деңгейі. • **2**: Damp dry (Ылғалды кептіру) деңгейі бұйымдарды ішінара кептіруге арналған. Тегіс бетте жатқызып немесе іліп қойып кептірілетін бұйымдар үшін пайдаланыңыз. • **1**: Матаны қорғау үшін бұйымдарды абайлап кептіреді. Ылғал болған нәзік бұйымдарды немесе табиғи түрде (іліп қою немесе кептіру торына жайып қою арқылы) кептіргіңіз келетін бұйымдарға сәйкес келеді.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 29 2020/12/1 9:16:24

07 Қыжымданудан сақтау	Wrinkle Prevent (Қыжымданудан сақтау) функциясын іске қосу немесе өшіру үшін түртіңіз. Функция қосулы болғанда, қыжымдануды болдырмау үшін кептіру циклін аяқтағаннан кейін кептіргіш барабанды мерзімді түрде айналдырып отырады.
08 Уақыт	Time Dry (Кептіру уақыты), Warm Air (Жылы ауа) немесе Cool Air (Салқын ауа) функцияларының цикл уақытын таңдау үшін түртіңіз. Кептіру уақытын 20 – 240 минут аралығында орнатуға болады. Қолжетімді кептіру уақыты таңдалған циклге байланысты.
09 Қосымша функциялар	• Қосымша функциялар мәзіріне кіру үшін түртіңіз. • Жүйе функциялары мәзіріне кіру үшін, 3 секунд басып тұрыңыз.
10 Smart Control	Smart Control функциясын белсендіру немесе өшіру үшін түртіңіз. • Smart Control функциясы белсендірілгенде, смартфоныңызда SmartThings қолданбасын пайдалану арқылы кептіргіш машинаны қашықтан басқаруға болады.

Белгіше сипаттамасы

	Wi-Fi	Бұл белгіше кептіргіш машинаның Wi-Fi желісіне қосылғанын көрсетеді.
	Smart Control	Бұл белгіше Smart Control функциясы қосулы екенін көрсетеді. “**Smart Control**” туралы қосымша ақпаратты **39**-беттен қараңыз.
	Балалардан бұғаттау	Бұл белгіше Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясы қосулы екенін көрсетеді. “**Child Lock (Балалардан бұғаттау)**” туралы қосымша ақпаратты **36**-беттен қараңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 30 2020/12/1 9:16:25

Циклді жүргізу



1. Кептіргішті іске қосу үшін, ⏻ түртіңіз.
2. Қажетті циклді таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз. “**Циклге шолу жасау**” туралы қосымша ақпаратты **32**-беттен қараңыз.
3. Әдепкі цикл параметрлерін өзгерту үшін, ◿, немесе ◷ түймесін түртіңіз.
4. Қосымша функцияны таңдау үшін, түймесін түртіңіз және содан кейін **Навигациялық дискіні** бұраңыз. “**Additional functions (Қосымша функциялар)**” туралы қосымша ақпаратты **35**-беттен қараңыз.
5. Таңдалған қосымша функция параметрлерін өзгерту үшін, ○ түймесін түртіңіз. Циклдердің барлығында да қосымша функциялар бола бермейді.
6. Жұмысты бастау үшін, ▷‖ түймесін басып тұрыңыз. Қажетті циклді орнатқаннан кейін, экранда циклдің қысқаша сипаттамасы, максималды жүктеу салмағы және цикл уақыты көрсетіледі. Сонымен қатар циклдің барысын, циклдегі қалған уақытты және ақпарат кодтарын көруге болады.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 31 2020/12/1 9:16:25

Циклге шолу жасау

ЕСКЕРІМ

Басқа циклерді My Cycles (Менің циклдерім) функциясын пайдалану арқылы циклдеріңіз тізіміне қосқаннан кейін пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты **35**-беттегі “**My Cycles (Менің циклдерім)**” бөлімінен қараңыз.

Сенсорлы кептіру циклдері

Цикл	Сипаттама	Макс. кір (кг)	
		DV9***	DV8***
Cotton (Мақта)	Мақта мата, төсек жаймалары, үстел жапқыштар, ішкі киімдер, сүлгілер немесе жейделер үшін.	9,0	8,0
Quick Dry 35’ (35 мин. Тез кептіру)	Жеңіл мақта мата, синтетика немесе жылдам кептіруді қажет ететін заттарға арналған. Әдепкі кептіру уақыты 35 минут.	1,0	
Super Speed (Супер жылдамдық)	Мақта мата және синтетика аралас заттарға арналған. • Тек DV9*T8***** / DV9*T7***** / DV8*T7***** үлгілері.	3,0	
Mixed Load (Аралас жүктеме)	Мақта мата және синтетика аралас заттарға арналған.	9,0	8,0
Synthetics (Синтетика)	Полиэфир (диолен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа ұқсас талшықтардан жасалған блуза немесе жейделерге арналған.	4,5	4,0
Delicates (Биязы)	Әйелдердің іш киімі тәрізді ерекше күтімді қажет ететін нәзік бұйымдарға арналған.	2,0	
Towels (Сүлгілер)	Ванна сүлгілер сияқты жүктерді кептіру үшін пайдаланыңыз.	4,0	
Bedding (Төсек-орын)	Төсек жапқыш, жаймалар және жеңіл көрпелерге арналған.	2,0	
Shirts (Жейделер)	Жейде сияқты бір элементті жылдам кептіру үшін пайдаланыңыз.	2,0	
Hygiene Care (Гигиеналық күтім)	Бактерияларды жою үшін ылғал және құрғақ киімдерді және зығып матаны зарарсыздандыруға арналған. • Тек DV9*T8***** / DV9*T7***** / DV8*T7***** / DV9*T6***** / DV8*T6***** үлгілері.	2,0	
Wool (Тоқыма)	Тек машинада жууға және кептіргішпен кептіруге болатын жүн мата үшін. Тамаша кептіру нәтижесіне қол жеткізу үшін, кірді кептіру алдында астарын сыртына аударыңыз.	1,0	

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 32 2020/12/1 9:16:25

Цикл	Сипаттама	Макс. кір (кг)	
		DV9***	DV8***
Outdoor (Сырт киім)	Шаңғы тебу және тау спортына арналған сыртқы киімдерге, сонымен қатар, спандекс, стретч және микроталшықтан жасалған заттарға арналған. Бұл циклды кірлерді кір жуғыш машинаның **Outdoor (Сыртқы киім)** циклымен жуғаннан кейін пайдалануды ұсынамыз.	2,0	
Silent Dry (Үнсіз кептіру)	Үнсіз кептіру қажет болған мақта және синтетикалық матадан жасалған Аралас жүктемеға арналған. Бұны Wrinkle Prevent (Қыжымданудан сақтау) опциясымен пайдалануға болады, сондықтан циклді ұйықтардан алдын бастап, таңертең аяқтауыңызға болады. • Тек DV9*T8***** үлгілері.	9,0	8,0
Iron Dry (Үтіктеп кептіру)	Бұл цикл кептіруді киім ылғал тұрғанда аяқтайды, бұл киімді үтіктеуді жеңілдетеді.	4,0	

Қолмен кептіру циклдері

Цикл	Сипаттама	Макс. кір (кг)
Time Dry (Кептіру уақыты)	Қажетті кептіру уақытын орнату үшін пайдаланыңыз. **Time Dry (Кептіру уақыты)** функциясын таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз және кептіру уақытын 20-240 минут аралығында орнату үшін ◷ түймесін түртіңіз. Қолжетімді уақыт опцияларын осы тәртіпте таңдау үшін, ◷ түймесін қайталап түртіңіз: **20** / **30** / **40** / **50** / **60** / **90** / **120** / **150** / **180** / **240**. **ЕСКЕРІМ** • Нақты кептіру уақыты заттардың құрғақтығына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. • Sensor Dry (Сенсорлы кептіру) циклдерінің (**32**-бетте көрсетілген) бірін аяқтағаннан кейін қосымша кептіру үшін осы циклді пайдалансаңыз, минималды кептіру уақытын (20 минут) орнатыңыз. Артық кептіру бұйымның зақымдалуына немесе деформациялануына себеп болуы мүмкін.	-

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 33 2020/12/1 9:16:25

Цикл	Сипаттама	Макс. кір (кг)
Warm Air (Жылы ауа)	Кішкене, алдын ала кептірілген заттарға арналған. Жүн мата мен жібек матадан басқа барлық мата түрлеріне арналған, уақыты есептелген циклдар. Шамалы ылғал немесе алдын ала кептірілген құрғақ кір. Сонымен қатар, көп қабаттан тұратын, тез кебе қоймайтын қалың заттарды қосымша кептіру үшін жарамды. **Warm Air (Жылы ауа)** функциясын таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз және кептіру уақытын 20-240 минут аралығында орнату үшін ◷ түймесін түртіңіз. Қолжетімді уақыт опцияларын осы тәртіпте таңдау үшін, ◷ түймесін қайталап түртіңіз: **20** / **30** / **40** / **50** / **60** / **90** / **120** / **150** / **180** / **240**.	-
Cool Air (Салқын ауа)	Барлық мата түрлеріне арналған. Ұзақ киілмеген заттарды жаңарту немесе сергітуге арналған. **Cool Air (Салқын ауа)** функциясын таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз және кептіру уақытын 20-240 минут аралығында орнату үшін ◷ түймесін түртіңіз. Қолжетімді уақыт опцияларын осы тәртіпте таңдау үшін, ◷ түймесін қайталап түртіңіз: **20** / **30** / **40** / **50** / **60** / **90** / **120** / **150** / **180** / **240**.	-

Басқа циклдер

Цикл	Сипаттама	Макс. кір (кг)
Air Wash (Балғындық беру)	Киімдерді зарарсыздандыру және олардың балғындығы мен тазалығын қамтамасыз ету үшін, осы циклді пайдаланыңыз. • Тек DV9*T8***** / DV9*T7***** / DV8*T7***** / DV9*T6***** / DV8*T6***** үлгілері.	1,0

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 34 2020/12/1 9:16:25

Additional functions (Қосымша функциялар)

Additional Functions (Қосымша функциялар) пайдалану



1. ☝ түймесін түртіңіз.
2. Қажетті қосымша функцияны таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз.
3. Таңдалған функциялардың параметрлерін өзгерту немесе функцияны іске қосу үшін, ○ түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРІМ

- Негізгі экранға оралу үшін, ☝ түймесін қайта басыңыз немесе **Навигациялық дискісін** бұрап, **Back (Артқа)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін түртіңіз.
- Таңдалған функцияға қолдау көрсетілмесе, "**Currently not supported**" (Қолдау көрсетілмейді) хабары көрсетіліп, ○ түймесі белсендірілмейді.
- Қосымша функцияны таңдаған кезде, қысқаша анықтамалық хабар алғашқы он рет пайдалану кезінде көрсетіледі.
- Additional Functions (Қосымша функциялар) мәзіріне кіргеннен кейін 7 секунд ішінде басқару панелін пайдаланбасаңыз, дисплей негізгі экранға оралады.

Damp Alert (Ылғалдылық дабылы)

Бұл функция үтіктеу қажет болған жейделер және басқа да бұйымдардың үтіктеу үшін жеткілікті деңгейде кепкенін ескертеді.

1. Циклді таңдап, цикл параметрлерін қажетінше өзгертіңіз.
   - Бұл функция Cotton (Мақта), Synthetics (Синтетика), Mixed Load (Аралас жүктеме) және Dry Level (Кептіру деңгейі) ◿ 2 немесе 3 етіп орнатылған Silent Dry (Үнсіз кептіру) циклдері үшін қолжетімді.
2. ☝ түймесін түртіңіз.
3. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Damp Alert (Ылғалдылық дабылы)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
4. ▷II басып тұрыңыз.

Кептіру барысындағы дабыл:

1. Циклді кідірту үшін, ▷II түймесін басып тұрыңыз.
2. Есігін ашып, үтіктеу қажет болған бұйымдарды шығарып алыңыз.
3. Есігін жауып, қалған бұйымдарды кептіру үшін, ▷II түймесін басып тұрыңыз.

My Cycles (Менің циклдерім)

Жеке циклдер тізімін жасау үшін, циклдерді қосыңыз немесе алып тастаңыз.

1. ☝ түймесін түртіңіз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 35 2020/12/1 9:16:26

2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **My Cycles (Менің циклдерім)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
   - Кептіру машинасы жұмыс істемей тұрғанда ғана, жеке циклді жасау үшін циклді өзгерте аласыз.
3. Қажетті циклді таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз.
4. Таңдалған циклді қосу немесе алып тастау үшін, ○ түймесін түртіңіз.
   - Циклді қосу және алып тастау автоматты түрде сақталады.
5. My Cycles (Менің циклдерім) тізімін жасауды аяқтағаннан кейін, циклдер экранына оралу үшін ☝ түймесін басыңыз.

ЕСКЕРІМ

Cotton (Мақта), Synthetics (Синтетика) және Iron Dry (Үтіктеп кептіру) циклдерін тізімнен алып тастау мүмкін емес.

Child Lock (Балалардан бұғаттау)

Балалар немесе жас сәбилер кептіргішті байқаусызда қосып не параметрін орнатып қоймауы үшін, **Child Lock (Балалардан бұғаттау)** функциясы ⏻ және ☝ түймелерінен басқа барлық түймелерді бұғаттайды.

1. Есікті жабыңыз.
2. ☝ түймесін түртіңіз.
3. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Child Lock (Балалардан бұғаттау)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
4. **On (Қосу)** немесе **Off (Өшіру)** опциясын таңдау үшін, ○ түймесін түртіңіз.
   - **Child Lock (Балалардан бұғаттау)** 🔒 белгішесі функция қосулы болғанда жанады.
   - Есігі ашық болғанда, Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясын іске қосу мүмкін емес. Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясын іске қосу кезінде дисплейде "**Door is open**" (Есік ашық) хабары көрсетілсе, есікті жауып, әрекетті қайталап көріңіз.

ЕСКЕРІМ

- Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясы қосулы болғанда, ⏻ және ☝ түймелерінен басқа барлық түймелер өшіріледі.
- Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясы қосулы болғанда түймені түртсеңіз, дабыл іске қосылып, “**Child Lock on**” (Балалардан бұғаттау қосулы) хабары көрсетіледі.
- Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясы қосулы болғанда есікті ашсаңыз және жапсаңыз, дабыл іске қосылып, “**Open door & check inside**” (Есікті ашып, ішін тексеріңіз) және “**Child Lock on**” (Балалардан бұғаттау қосулы) хабары көрсетіледі.
- Хабарландыруды жабу үшін, Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясын немесе машинаны өшіріңіз.

Drum Light (Барабан жарығы)

Бұл барабанның ішіндегі шамды іске қосады, сондықтан оның ішіндегі бұйымдарды тексеріп көруіңізге болады.

1. ☝ түймесін түртіңіз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Drum Light (Барабан жарығы)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
   - Кептіргіш машинасы өшірулі болса да, қуат шамы жалғанғандықтан, Барабан жарығы жанады.
   - Drum Light (Барабан жарығы) функциясы іске қосылғаннан кейін, Барабан жарығы 2 минуттан кейін автоматты түрде өшіріледі.
   - Кептіргіш машинасының есігін ашу Барабан жарығын автоматты түрде іске қосады. Барабан жарығы 2 минуттан кейін автоматты түрде сөнеді.

System functions (Жүйе функциялары)

System Functions (Жүйе функциялары) пайдалану



* 3 секунд басып тұрыңыз.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, қажетті желілік функцияны таңдаңыз және содан кейін ○ түймесін түртіңіз.
3. Таңдалған функциялардың параметрлерін өзгерту немесе функцияны іске қосу үшін, ○ түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРІМ

- Негізгі экранға оралу үшін, ☝ түймесін қайта басыңыз немесе **Навигациялық дискісін** бұрап, **Back (Артқа)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін түртіңіз.
- System Functions (Желілік функциялар) мәзіріне кіргеннен кейін 7 секунд ішінде басқару панелін пайдаланбасаңыз, дисплей негізгі экранға оралады.

AI Pattern (ЖИ Үлгілері)

Бұл функция сіздің жиі пайдаланатын циклдеріңізді және параметрлеріңізді сақтайды.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **AI Pattern (ЖИ Үлгілері)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
3. **On (Қосу)** немесе **Off (Өшіру)** опциясын таңдау үшін түртіңіз.
   - Әдепкі параметр – **On (Қосу)**. Бұл функцияны пайдаланғыңыз келмесе, оны **Off (Өшіру)** күйіне орнатыңыз.
   - Функцияны іске қосқан кезде, кептіргіш машина жиі қолданылатын циклдерді және олардың параметрлерін (Кептіру деңгейі ⊿, Уақыт ◷) есте сақтап, оларды жиі пайдаланылатын циклдер тізіміне сақтайды.
   - Функцияны өшіргенде, барлық сақталған деректер жойылады.

Alarm (Дабыл)

Дабыл дыбыстарын іске қосуға/өшіруге болады.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Alarm (Дабыл)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 37 2020/12/1 9:16:26

3. **On (Қосу)** немесе **Off (Өшіру)** опциясын таңдау үшін, ○ түймесін түртіңіз.
   - Әдепкі параметр – **On (Қосу)**.

ЕСКЕРІМ

Кептіргіш машинаны қайта іске қоссаңыз да, параметр өзгеріссіз қалады.

Wi-Fi

Кептіргіш машинасының Wi-Fi желісін қосуға немесе өшіруге болады.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Wi-Fi** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
3. **On (Қосу)** немесе **Off (Өшіру)** опциясын таңдау үшін, ○ түймесін түртіңіз.
   - Кептіргіш машинаның Wi-Fi желісі зауыттық әдепкі параметр бойынша өшірулі болады. Дегенмен кептіргіш машинаны алғаш рет іске қосқанда, кептіргіштің Wi-Fi желісі автоматты түрде іске қосылады. Содан кейін соңғы Wi-Fi параметрі кептіргіш машинаның қуат күйіне қарамай өзгеріссіз қалады.
   - Кептіргіштің Wi-Fi желісін іске қосып, желіге қосылғаннан кейін, машинаны өшірген жағдайда да, кептіргіш машинасы желіге қосулы күйінде қалады.
   - Wi-Fi ᯤ кептіргіш машинасының Wi-Fi қосылымы арқылы роутерге қосылғанын көрсетеді.

Language (Тіл)

Жүйе тілін өзгертуге болады.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Language (Тіл)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
3. **Навигациялық дискісін** бұрап, қажетті тілді таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.

Factory Reset (Зауыттық баптауларға ысыр)

Кептіргіш машинасын әдепкі параметрлерге қайта орнатуға болады.

1. ☝ түймесін 3 секунд басып тұрыңыз.
2. **Навигациялық дискісін** бұрап, **Factory Reset (Зауыттық баптауларға ысыр)** опциясын таңдаңыз және ○ түймесін басыңыз.
   - Кептіргіш машинаңыз зауыттық параметрлерге қайта орнатылады.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 38 2020/12/1 9:16:26

Арнайы функциялар

Smart Control

SmartThings қолданбасына қосылып, кептіргіш машинасын қашықтан басқаруға болады.

Кептіргіш машинасы қосу

- SmartThings қолданбасын мобильді құрылғыңызға жүктеп алып, орнатыңыз
- Кептіргіш машинаны іске қосу үшін, ⏻ басып тұрыңыз.
- Кептіргіш машинасындағы 📶 түймесін басып тұрыңыз.
  a. Кептіргіш машинасы AP режиміне өтеді және мобильді құрылғыңызға қосылады.
  b. Мобильді құрылғыңызда кептіргіш машинаның түпнұсқалығын растау үшін, 📶 түймесін түртіңіз.
  c. Түпнұсқалығын растау процесі аяқталғаннан кейін, кептіргіш машинасы қолданбаға сәтті түрде қосылады. SmartThings қолданбасында қолжетімді әртүрлі мүмкіндіктерді пайдаланыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Кептіргіш машинасы SmartThings қолданбасына қосылмаса, әрекетті қайталап көріңіз.
- Кептіргіш машинасын SmartThings қолданбасына қосқаннан кейін, интернет қосылымында ақаулық болса, роутеріңізді тексеріңіз.
- Wi-Fi желісі өшірулі болса, 👆 түймесін 3 секунд басып тұрып, **System Functions (Жүйе функциялары)** бөліміне өтіңіз, **Wi-Fi** опциясын таңдаңыз және оны іске қосу үшін ○ түймесін түртіңіз.
- Кептіргіш машинасының Wi-Fi желісін іске қосу кептіргіштің қуат күйіне қарамай, смартфоныңыздағы SmartThings қолданбасы арқылы кептіргішке қосылу мүмкіндігін береді. Дегенмен кептіргіштің Wi-Fi желісі өшірулі болса, кептіргіш SmartThings қолданбасында желіден тыс болып көрсетіледі.
- Smart Control функциясын іске қосудан бұрын, есікті жабыңыз.
- Кептіргішті SmartThings қолданбасына қосылмай 20 рет пайдалансаңыз, Smart Control қосылымы туралы қалқымалы терезе 3 секундқа көрсетіледі.
- Кептіргіш машинасының Wi-Fi желісі КО (кіру орнына) қосылмаған болса, қуатты өшіргенде Wi-Fi желісі өшіріледі.

Stay Connect (Байланыста болу)

SmartThings қолданбасында Stay Connect (Байланыста болу) функциясын орнатыңыз. Кептіргіш машинаңыз қолданбаға қосылған күйінде қалады, сондықтан үйде болмаған кезде де, кептіргішті пайдалана аласыз.

1. SmartThings қолданбасында Stay Connect (Байланыста болу) функциясын іске қоссаңыз, цикл аяқталғаннан кейін кептіргіш машина қуат үнемдеу режимінде қалады.
   - Есігі жабық болса, Stay Connect (Байланыста болу) функциясы 24 сағатқа дейін белсенді күйінде қалады.
2. Stay Connect (Байланыста болу) функциясы белсенді болғанда, Smart Control 📶 және Wi-Fi 📶 желісі кептіргішіңіздің дисплейін іске қосады.
3. SmartThings қолданбасының көмегімен кептіргішіңізді оңай басқарыңыз

ЕСКЕРІМ

Машина SmartThings қолданбасына қосылмай тұрғанда да, жұмыс кідірулі болғанда кептіргіш қуат үнемдеу режиміне ауысады.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 39 2020/12/1 9:16:26

SmartThings

Wi-Fi байланысы

Смартфонның **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, КП (Кіру протоколы) таңдаңыз.

- Бұл құрылғы Wi-Fi 2,4 ГГц протоколдарына қолдау көрсетеді.

Жүктеу

Қолданба нарығынан (Google Play дүкені, Apple App дүкені, Samsung Galaxy қолданбалары) SmartThings қолданбасын “SmartThings” көзін қолданып табыңыз. Қолданбаны құрылғыңызға жүктеңіз және орнатыңыз.

ЕСКЕРІМ

Қолданба жұмысты жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Сонымен қатар операциялық жүйеңізде жаңартуларға қолдау көрсетілген жағдайда да, қолданбадағы қосымша жаңартулар немесе қолданбадағы функция пайдалану және қауіпсіздік себептеріне байланысты тоқтатылуы мүмкін.

Жүйеге кіру

Әуелі Samsung Connect қолданбасына Samsung есептік жазбаңызбен кіріңіз. Samsung есептік жазбасын жасау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Есептік жазба жасау үшін жеке қолданба қажет емес.

ЕСКЕРІМ

Samsung есептік жазбаңыз бар болса, оны жүйеге кіру үшін пайдаланыңыз. Тіркелген Samsung смартфон пайдаланушысы жүйеге автоматты түрде кіреді.

Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына тіркеу үшін

1. Смартфонның сымсыз желіге қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Қосылмай тұрса, **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, КП (Кіру протоколы) таңдаңыз.
2. Смартфоныңызда **SmartThings** қолданбасын ашыңыз.
3. “A new device is found.” (Жаңа құрылғы табылды.) жазуы көрінгенде **Add (Қосу)** параметрін таңдаңыз.
4. Ешбір хабар көрінбесе **+** таңдап, қолжетімді құрылғылар тізімінен құрылғыны таңдаңыз. Құрылғы тізімде болмаса, **Device Type (Құрылғы түрі)** > **Specific Device Model (Нақты құрылғы үлгісі)** таңдап, құрылғыны қолмен қосыңыз.
5. Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына төмендегіше тіркеңіз.
   a. Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына қосыңыз. Құрылғыңыздың SmartThings қолданбасына қосылғанына көз жеткізіңіз.
   b. Тіркеу аяқталғанда құрылғы смартфонда пайда болады.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 40 2020/12/1 9:16:26

Ашық лицензия туралы құлақтандыру

Бұл өнімдегі бағдарламалық жасақтамада ашық лицензия бағдарламасы бар. http://opensource.samsung.com сайты арқылы (“Inquiry” (Сұрау) мәзірін пайдаланыңыз.) қолдау көрсету тобына хабарласып, осы өнімнің соңғы жөнелтілуінен кейін үш жыл мерзімге арналған толық қажетті түпнұсқалық кодты алуыңызға болады.

Толық түпнұсқа кодты CD-ROM тәрізді физикалық құралға сақтап алуға болады, бірақ бұл үшін шамалы төлемақы алынады.

Мына URL http://opensource.samsung.com/opensource/SMART_AT_051/seq/0 мекенжайында осы өнімге қатысты ашық түпнұсқалық лицензия ақпараты берілген. Бұл ұсыныс осы ақпаратты алған кез келген адамға беріледі.

ЕСКЕРІМ

Осылайша Samsung компаниясы бұл радио жабдығы 2014/53/EU директивасына және Ұлыбританиядағы тиісті заңнамалық талаптарға сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО және Ұлыбритания сәйкестік декларациясының толық нұсқасын төмендегі интернет мекенжайынан табуға болады: Ресми Сәйкестік декларациясын http://www.samsung.com, Қолдау > Қолдау көрсету басты беті қойындысына үлгі атауын енгізіп қарауға болады.

Wi-Fi макс. трансмиттерінің қуаты: 20 дБм, 2,412 ГГц – 2,472 ГГц

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 41 2020/12/1 9:16:27

Кептіру торын (қолжетімді үлгілерге ғана қатысты) пайдалану

Кептіру уақытын кептірілетін кірлердің ылғалдылық деңгейі мен салмағына қарай 150 минутқа дейін қойыңыз. Кірлерді кептіру торына қойып кептіргенде, Time Dry (Кептіру уақыты) циклын пайдалануды ұсынамыз.



1. Кептіру торын барабанға, алдыңғы ілгектерін есіктің диафрагмасына келтіру арқылы кептіргішке орнатыңыз.



A. Кептіру торы

2. Заттарды торға қойып, ауа алмасуға жеткілікті орын қалдырыңыз. Киімдерді бүктеп, торға жалпағынан қойыңыз. Аяқ киімдердің табанын төмен қаратып қойыңыз.
3. Есікті жабыңыз да, ⏻ түймесін бастаңыз. **Time Dry (Кептіру уақыты)** функциясын таңдау үшін, **Навигациялық дискіні** бұраңыз және кептіру уақытын таңдау үшін ◷ түймесін түртіңіз.
4. ▷II басып тұрыңыз.

Кептіру ұсыныстары

Заттар (Макс. 1,5 кг)	Сипаттама
Жууға болатын свитерлер (пішімін сақтап бүктеп, тордың үстіне қойыңыз)	Заттарды кептіргіш торға қойып кептіргенде, қыжымданып қалмас үшін бүктеп, тордың үстіне қойыңыз.
Толтырмасы бар ойыншықтар (мақта матамен немесе полиэстермен толтырылған)	
Толтырмасы бар ойыншықтар (көбік немеес резеңкемен толтырырған)	
Көбікті резеңке жастықтары	
Аяқ киімдер	Спорт аяқ киімдерін кептіру үшін, оларды кептіргіш тордың үстіне табандарын төмен қаратып қою керек.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

- Көбікті резеңке, пластик немесе резеңкені қызу параметрін орнатып кептіргенде, бұл заттарға зақым келіп, өрт шығуы мүмкін.
- Аяқ киімдерге нұқсан келмеу үшін, кептіру торын пайдаланыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 43 2020/12/1 9:16:27

Күтім көрсету

Су сауытын босату

Су ағуын болдырмау үшін, әр пайдаланудан кейін су багын босатыңыз.



1. **Су багын (A)** кептірніш машинадан шығарып алыңыз.
   - Су багы жартылай шықпайынша оны бір қолыңызбен тұтқасынан тартыңыз.
   - Су багы жартылай шыққаннан кейін, бактың астыңғы жағынан екінші қолыңызбен тіреп, екі қолыңызбен ақырын тартыңыз.

⚠ **НАЗАР САЛЫҢЫЗ**

- Су багы ауыр болады. Су багын тегіс ұстап тұрып, бакты екі қолыңызбен ақырын шығарып алыңыз.
- Толы су багын шығару кезінде абай болыңыз. Ол өте ауыр болып, құлатып алған жағдайда жарақатқа себеп болуы мүмкін.



2. Суды **төгу шлангісі (B)** арқылы ағызып, су багының ішін тазалаңыз.
   - Белгіші бір мөлшердегі кір жуу құралын жылы суға араластырыңыз. Қоспаны су багына **төгу шлангісі (B)** арқылы құйып, 30 минут күтіңіз. Содан кейін бакты таза сумен шайып, толық кептіріңіз.
3. Су багын орнына қайта салыңыз.

ЕСКЕРІМ

Егер кептіргіште “**Empty the tank**” (Бакты босатыңыз) хабары көрсетілсе және кептіру процесі барысында тоқтап қалса, су багын босатып, ▷‖ түймесін басып тұрыңыз. “**Empty the tank**” (Бакты босатыңыз) хабары жойылады және кептіргіш кептіруді жалғастырады.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 44 2020/12/1 9:16:27

Тазарту

⚠ ЕСКЕРТУ

- Кептіргішті бетіне суды тура бүркіп тазаламаңыз.
- Кептіргішті бензол, сұйылтқыш, спирт не ацетонмен тазаламаңыз. Түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп немесе электр қатері орын алуы, өрт шығуы мүмкін.
- Кептіргішті тазалау алдында қорек сымын міндетті түрде ағытыңыз.

Сыртқы жағы

Жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Жеміргіш жуғыш заттармен тазаламаңыз. Өткір немесе ауыр заттарды кептіргіштің үстіне/қасына қоймаңыз. Жуғыш затты және кір жууға арналған заттарды тұрғыға (жеке сатылады) немесе жеке сауытқа салып сақтаңыз.

Басқару панелі

Жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз. Жеміргіш жуғыш заттармен тазаламаңыз. Тазалағыш заттарды басқару панеліне тікелей шашуға болмайды. Басқару панеліне төгілген заттарды дереу сүртіп алыңыз.

Барабан

Тот баспайтын болатқа арналған түрпілі емес тазалағышқа батырылған дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

Қалған қалдығын таза құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

Есік

Бөгде заттар ластауы немесе есіктің ішкі жағында жиналуы мүмкін. Есіктің ішкі жағын жұмсақ шүберекпен немесе щеткамен тазалаңыз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Есіктің резеңке тығыздағышын шешім алмаңыз.

Қыл-қыбыр сүзгісі

Қыл-қыбыр сүзгісі әр пайдаланудан кейін тазалаңыз.



1. Кептіргіш есігін ашып, қыл-қыбыр сүзгісінің үстіңгі жағынан ұстаңыз және сүзгіні тартып шығарыңыз.
   - Сүзгіні алғаннан кейін резеңке тығыздағышты ажыратпаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 45 2020/12/1 9:16:27

Күтім көрсету



2. Сыртқы сүзгіні ашып, **ішкі сүзгіні (A)** алыңыз.



3. Сыртқы және ішкі сүзгілерді ашып қойыңыз.
4. Екі сүзгідегі қыл-қыбырды тазалап, содан кейін сүзгілерді тазалағыш шөткемен тазалаңыз.



ЕСКЕРІМ

Сүзгілерді мұқият тазалау үшін ағып тұрған сумен жуып, содан кейін әбден құрғатыңыз.



5. Ішкі сүзгіні сыртқы сүзгіге салып, содан кейін қыл-қыбыр сүзгісін бастапқы орнына салыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 46 2020/12/1 9:16:28

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Қыл-қыбыр сүзгісі әр салынымнан кейін тазалаңыз. Әйтпесе кептіру нәтижесі төмендеуі мүмкін.
- Сүзгінің беті ылғал болса, пайдаланудан бұрын оны толықтай кептіріңіз.
  - Сүзгіні ылғал күйінде салу зең басуға және/немесе иіс шығуына және/немесе кептірудің нашарлауына себеп болуы мүмкін.
- Қыл-қыбыр сүзгісін тазалау немесе шығарып алу кезінде, сүзгіні шайқамаңыз немесе түртпеңіз. Бұл сүзгінің зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Сыртқы және ішкі сүзгілерді абайсыз және артық күш қолдану арқылы ашу сүзгілерге зақым келтіруі мүмкін.

Қызу алмастырғыш

Жылу алмастырғышты тазалау уақыты келгенде, кептіргіш “**Clean heat exchanger**” (Жылу алмастырғышты тазалаңыз) хабарын көрсету арқылы сізге ескертеді.

Кірленген жылу алмастырғышы өнімнің өнімділігін нашарлатады, сондықтан оны мерзімді түрде тазалап отыру керек.

ЕСКЕРІМ

- Температура өзгерісі себебінен пайда болған конденсат жылу алмастырғышының айналасында су тамшыларының жиналуына себеп болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және су ағуының белгісі емес.
- Кептіргішті ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, жылу алмастырғышының қақпағын ашып, желдетіңіз.



1. Ашу үшін **сыртқы қақпақтың (A)** үстіңгі жағын баппен түртіңіз.



2. Ішкі қақпақ **бекіткіштерін (B)** босатып, ішкі қақпақты тартып шығарыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 47 2020/12/1 9:16:28

Күтім көрсету



3. Берілген щеткамен жылу алмастырғышындағы шаңды тазалаңыз.
   - Щеткамен тазалағаннан кейін қалған шаңды тегіс, ылғал шүберекпен сүртіп алыңыз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Жарақат алып немесе күйіп қалмау үшін қызу алмастырғышты жалаң қолмен тазаламаңыз немесе ұстамаңыз.
- Жылу алмастырғышты тазалау кезінде, қабырғаларын зақымдап алмаңыз.

ЕСКЕРІМ

Жылу алмастырғышы толықтай құрғақ болғандықтан тазалау қиын болса, жылу алмастырғышқа су бүркіп, щеткамен тазалаңыз.



4. Ішкі қақпағын майда, дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
   - Ішкі қақпақтың айналасында ылғал және/немесе бөгде заттар болуы мүмкін.



5. Ішкі қақпақты бастапқы орнына салып, бекіткіштерін бекітіңіз.
6. Жылу алмастырғыштың сыртқы қақпағын жабыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Жылу алмастырғышты тазалағаннан кейін, хабарландыруды жабу үшін ○ түймесін түртіңіз. Хабар жабылмайынша көрсетіліп тұрады.
- Хабар жабылғаннан кейін де қайта көрсетілсе, қуат сымын ажыратып-қосыңыз немесе жылу алмастырғыш ішкі қақпағын алып тастап қайта салыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 48 2020/12/1 9:16:29

Ақаулықты түзету

Тексерілетін мәселелер

Егер кептіргішке қатысты ақаулық пайда болса, әуелі төмендегі кестені қарап, ұсыныстарды қолданып көріңіз.

Ақаулық	Әрекет
Кептіргіш іске қосылмайды.	• Кептіргіш розеткаға қосылып тұрғанын тексеріңіз. • Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Сақтандырғышты тексеріңіз немесе айырып-қосқышты қайта қалпына қойыңыз. • Цикл барысында есікті ашқан болсаңыз, ▷II түймесін қайта басып тұрыңыз. • Сүзгіні тазалаңыз. • Замок от детей (Бала қауіпсіздігінің құралы) сөндірулі екеніне көз жеткізіңіз.
Кептіргіш қызбай тұр.	• Сақтандырғышты тексеріңіз немесе айырып-қосқышты қайта қалпына қойыңыз. • Қыл-қыбыр сүзгісі мен қызу алмастырғышты тексеріңіз. Қажет болса, оларды тазалаңыз. • Кептіргіш циклдің салқындату кезеңінде болуы мүмкін.
Бұйымдар кептірілмеген.	Жоғарыдағылардың барлығын тексеріп көріңіз. Сондай-ақ: • Кептіргіш машинаны артық жүктемеңіз. Кептіргіш артық жүктелген болса, бұйымдарды кептіру үшін көбірек уақыт кетуі мүмкін. • Ауыр маталы бұйымдарды жеңіл маталы бұйымдардан бөлек кептіріңіз. • Бұйым(дар) тым кіші болып, барабанның ішінде жеткілікті деңгейде айналмаған болуы мүмкін. • Сүзгіні тазалаңыз. • Жылу алмастырғышты тазалаңыз. • Төгу шлангісі жалғанған болса, су дұрыс ағып тұрғанын тексеріңіз.
Кептіргіштің даусы қатты шығады.	• Тиындар, түймелер, инелер және басқа да нысандар бар-жоғын тексеріп, оларды дереу алып тастаңыз. • Қыл-қыбыр сүзгісін тексеріңіз. Қыл-қыбыр сүзгісінің ішінде кептеліп қалған бұйымдарды алып тастаңыз. • Кептіргіштің деңгейленгенін және еденге орнықты орнатылғанын тексеріңіз. • Барабандағы және желдеткіштегі ауаға байланысты кептіргіштен ызыңдаған дыбыс шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
Бұйымдар біртегіс кептірілмеген.	• Киімнің басқа жерлеріне қарағанда тігістерін, қалталарын және басқа бөліктерін кептіру оңай емес. Бұл қалыпты жағдай. • Жеңіл және ауыр заттарды жеке-жеке сұрыптаңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 49 2020/12/1 9:16:29

Ақаулықты түзету

Ақаулық	Әрекет
Кептіргіштен иіс келіп тұр.	• Бояу, лак, тазалау құралдары және басқа да тұрмыстық нысандардың иісі ауада болып, кептіргішке кіруі мүмкін. Мұндай істерді байқасаңыз, кептіргішті пайдаланудан бұрын толықтай желдетіңіз. • Жабық аймақта кептіретін болсаңыз, кептіргіш орта температурасының артуына себеп болуы мүмкін. Сәйкесінше терезелерді ашып, бөлмені желдетіңіз. • Ылғал киімдерді кір жуу машинасында немесе кептіргіште ұзақ уақыт қалып қойғаннан кейін кептіруге әрекет етпеңіз.
Кептіргіш бұйымдар кептірілмей өшеді.	• Салынған кір өте аз. Сүлгілер сияқты қосымша бұйымдарды салып, қайта кептіріп көріңіз.
Киімдердің түктері бар.	• Бұйымдарды кептіргіштің ішіне салмас бұрын, қыл-қыбыр сүзгісінің тазалығын тексеріңіз. Көп мөлшерде түктерді жинайтын бұйымдарды кептіру кезінде, қыл-қыбыр сүзгісін циклдің ортасында тазалау қажет болуы мүмкін. • Кейбір маталар (ақ сүлгілер сияқты) көбірек түк шығарады және түктер оңай жабысатын басқа бұйымдардан (қара зығыр шалбар сияқты) бөлек кептірілуі керек. • Кептіруден бұрын қалталар бос екенін тексеріңіз.
Кептіргіштің айналасындағы температурасы артады немесе ылғалдың иісі шығады.	• Қыздырғыш сорғысы бар кептіргіштер жүйені салқындату үшін, кептіру процесі барысында кептіргіштің ішіндегі және сыртындағы ауаны айналдырады. Кептіргішті нашар желдетілетін аймақта пайдалану пайдалану ортасына байланысты орта ылғалдылық деңгейін арттыруы және/немесе ылғалдықтың иісі шығуына себеп болуы мүмкін. Кептіргішті пайдалану кезінде дұрыс желдетіңіз.
Су төгілмей тұр.	• Төгу шлангісінде бұралған және бүгілген жерлері бар-жоғын тексеріңіз. Шланг бұралған немесе бүгілген болса, оны түзулеп, едендегі ағызу жүйесіне бекем жалғаңыз. • Ағызу шлангісі қатып қалмағанын тексеріңіз. Шланг қатып қалған болса, жылы суға салып, шлангінің ішіндегі суды ерітіңіз және ағызыңыз. Шлангіні қайта жалғап, дұрыс ағып тұрғанын тексеріңіз.

Егер мәселе сонда да шешілмесе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 50 2020/12/1 9:16:29

Ақпарат кодтары

Егер кептіргіш жұмыс істемей қалса, экрандағы ақпарат кодын қараңыз. Төмендегі кестеге қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз.

Ақпарат коды	Мағынасы	Әрекет
Door is open (Есігі ашық)	Есігі ашыө кептіргішті пайдалану	• Есігін жауып, қайта іске қосыңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. • Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясын қосулы екенін тексеріңіз. Child Lock (Балалардан бұғаттау) функциясы қосулы болса, кептіргіш жұмыс істемей тұрған жағдайда да, есікті ашқан кезде осы хабар көрсетілуі мүмкін.
Open door & check inside (Есікті ашып, ішін тексеріңіз) (Child Lock on (Балалардан бұғаттау қосулы))	Child Lock (Балалардан бұғаттау) қосулы. Есігін ашып, барабанның ішін тексеріңіз.	• Child Lock (Балалардан бұғаттау) қосулы болса, Child Lock функциясын немесе қуатты өшіріңіз.
Check filter (Сүзгіні тексеру)	Қыл-қыбыр сүзгісінің ақаулығы	• Қыл-қыбыр сүзгісі жинағын тексеріңіз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Check inner cover of heat exchanger (Жылу алмастырғышының ішкі қақпағын тексеру)	Ішкі жылу алмастырғыш қақпағының ақаулығы	• Ішкі жылу алмастырғыш қақпағының жинағын тексеріңіз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Check drainage (Дренаж жүйесін тексеру) / Empty the tank (Бакты босатыңыз)	Су төгу ақаулығы Су төгу сорғысының ақаулығы Төгу шлангісі қалып қалған Су сауыты толып тұр	• Су төгу шлангісі бүктелмегенін немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. • Шланг қатып қалса, шлангідегі суды еріту үшін, оны жылы суға малынған сүлгімен шамамен он минут орап қойыңыз. • Су багын босатып, кептіргішті іске қосыңыз және қайта іске қосыңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 51 2020/12/1 9:16:29

Ақаулықты түзету

Ақпарат коды	Мағынасы	Әрекет
tC	Ауа температурасы сенсорына қатысты ақаулық	• Қыл-қыбыр сүзгісін немесе қызу алмастырғышты тазалаңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
tC5	Компрессор температурасы датчигіне қатысты ақаулық	• Екі-үш минут күтіңіз. • Қуатты қайта қосып, қайта іске қосыңыз.
tC7	Eva In температура датчигін тексеріңіз	• Қуатты қайта қосып, қайта іске қосыңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
tC8	Eva Out температура датчигін тексеріңіз	• Қуатты қайта қосып, қайта іске қосыңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
tCA	Компрессордың үстіндегі температура датчигін тексеріңіз	• Қуатты қайта қосып, қайта іске қосыңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3C	Қозғалтқыштың жұмысын тексеріңіз.	• Циклді қайта бастап көріңіз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3CA	Терістегіш компрессорын тексеріңіз	• Қуатты қайта қосып, қайта іске қосыңыз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
AC6	Негізгі және инвертер PBA құралдарының арасындағы байланысты тексеріңіз.	• Циклді қайта бастап көріңіз. • Сонда да түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
HC	Компрессор қызып кетті	• Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

Экранда ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 52 2020/12/1 9:16:29

Қосымша

Матаға күтім көрсету кестесі

Келесі таңбалар матаға күтім көрсету нұсқаулары ретінде берілген. Киімге күтім көрсету жапсырмаларында кептіру, ағарту, кептіру және үтіктеу не қажет болса, құрғақ күйде тазалауға қатысты нұсқаулар беріледі. Бұл таңбалар отандық және шетелдік киім өндірушілердің затбелгілерінде бірдей қолданылады. Киімді ұзақ пайдалану және жуған кезде ешбір мәселе туындамас үшін, оның зат белгісіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Жуу циклы

	Қалыпты
	Тұрақты басу / Қыжымдануға төзімді / Қыжымдануды басқару
	Баппен кептірілетін / Нәзік маталар
	Қолмен жуу

Су температурасы**

●●●	Ыстық
●●	Жылы
●	Суық

ЕСКЕРІМ

** Нүктелер әр түрлі заттарға арналған тиісті сумен жуу температурасын көрсетеді. Келесі параметрлерге арналған температура ауқымдары: Ыстық 41-52 °C, Жылы 29-41 °C және Суық 16-29 °C. (Жуғыш затты белсендіру және тиімді жуу үшін жуатын су температурасы кемінде 16 °C болуы керек.)

Ағартқыш

	Кез келген ағартқыш (қажет болғанда)
	Тек хлор қосылмаған (хлор қаупі жоқ) Ағартқыш (қажет болғанда)
	Кептіргіштің кептіру циклы

Қалыпты

	Тұрақты басу / Қыжымдануға төзімді / Қыжымдануды басқару
	Баппен кептірілетін / Нәзік маталар

Арнайы нұсқаулықтар

	Іліп кептіру / Ілу үшін кептіру
	Сорғытып кептіру
	Жатқызып кептіру

Қызу параметрлері

	Жоғары
	Орташа
	Төмен
	Кез келген қызу
	Қызу/Ауа жоқ

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 53 2020/12/1 9:16:32

Қосымша

Үтіктеу не булау үшін кептіру температуралары

	Жоғары
	Орташа
	Төмен

Кірге қатысты сақтық белгілері

	Жууға болмайды
	Сығуға болмайды
	Ағартуға болмайды
	Кептіргішпен кептіруге болмайды
	Булауға болмайды (үтіктеу кезінде)
	Үтіктеуге болмайды

Құрғақ тазалау

	Құрғақ тазалау
	Құрғақ тазалауға болмайды
	Іліп кептіру / Ілу үшін кептіру
	Сорғытып кептіру
	Жатқызып кептіру

Қоршаған ортаны қорғау

- Бұл құрылғы қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдардан жасалған. Егер бұл құрылғыны тастағыңыз келсе, жергілікті қоқыс тастау ережелерін орындаңыз. Құрылғыны тоққа қосуға жол бермес үшін қорек сымын кесіп алыңыз. Жануарлар мен кішкене балалар қамалып қалмас үшін, есігін ағытып алыңыз.
- Құрамында фторлы жылыжай газы бар.
  Герметикалық тұмшаланған құрылғы.
  Газды атмосфераға жібермеңіз.
  Салқындатқыш (Түрі): R-134a (GWP = 1430)
  Салқындатқыш (Құю): 0,43 kg, 0,615 tCO_2e

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 54 2020/12/1 9:16:33

Техникалық сипаттама



ТҮРІ		КІР АЛДЫҢҒЫ ЖАҒЫНАН САЛЫНАТЫН КЕПТІРГІШ	
ҮЛГІ АТАУЫ		DV9*T7***** DV8*T7***** DV9*T6***** DV8*T6***** DV9*T5***** DV8*T5*****	DV9*T8*****
ӨЛШЕМДЕРІ	A	600 мм	600 мм
	B	850 мм	850 мм
	C	600 мм	600 мм
	D	650 мм	660 мм
	E	1100 мм	1110 мм
САЛМАҒЫ		50,0 кг	54,0 кг
ЭЛЕКТР ПАРАМЕТРЛЕРІ	АТ 220–240 В / 50 Гц	780–800 Вт	
РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН ТЕМПЕРАТУРА		5–35 °C	

Көрсетілген мақсатта, қалыпты жағдайда қолдану керек

Ұсынылатын қолдану мерзімі: 7 жыл

Өндіруші құрылғының дизайны мен техникалық параметрлерін алдын ала ескертусіз өзгерту құқығына ие

U-PJT_DRYER_SimpleUX_DC68-04169J-00 (LP)_KK.indd 55 2020/12/1 9:16:34

SAMSUNG

EAC

Өнім өндірілген жердің атауы: Қытайда жасалған

Өндіруші:

Samsung Electronics Co., Ltd / Самсунг Электроникс Ко., Лтд”

Өндірушінің мекен-жайы:

Корея Республикасы, (Мэтан-донг) 129, Самсунг-ро, Енгтонг-гу, Сувон қ., Кёнги-до, 16677

Зауыттың мекенжайы:

1. 501 Сухонг Ист Роад, Индастри Паркі, Сучжоу, Цзянсу, П.Р., Қытай немесе

2. 218 Цзейпу Роад, Индастри Паркі, Сучжоу, Цзянсу, П.Р., Қытай, Suzhou Samsung Electronics Co., Ltd.

ҚР аумағында тұтынушылардан шағымдар мен ұсыныстарды қабылдайтын ұйым:

“SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ) ЖШС

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл Фараби даңғылы, 36 үй, 3, 4 қабат

Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.

Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

СҰРАҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/support
MOLDOVA	+373-22-667-400	www.samsung.com/support

DC68-04169J-00